



Мекеме басшыларына

Аудандық «Үйсіз жануарларды бірге қорғайық» атты байқау 12 қазан күні сырттай өткізіледі. Мектепшілік өткізіп, аудандық байқауға өткізетін жұмыстарды (10 қазан соңғы күн) білім бөлімінің әдіскері Г.С.Нуралиеваға қағаз және электронды түрде (флешкамен) сұраныспен бірге өткізулеріңізді сұранамыз. Аудандық байқаудан жүлделі орын алған оқушылардың жұмыстары облыстық байқауға ұсынылады. Байқау нәтижесі мектептің рейтингісіне қойылады.

Ережесі қосымша 3 бет тіркеледі.

Басшы



М.Базарова

Орындаған: Г.С.Нуралиева

Тел: 2-14-08



Облыстық «Үйсіз жануарларды бірге қорғайық» байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

- 1.1. Осы ереже «Үйсіз жануарларды бірге қорғайық» облыстық байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, қатысушыларға қойылатын талаптар және байқаудың өткізу тәртібін белгілейді.
- 1.2. Байқауды ұйымдастырушы – «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. Мақсаты:

- оқушылардың жануарларды қорғауға, қоршаған ортаға зиян келтірілуін болдырмауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ету.

2.2. Міндеттері:

- оқушыларды еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу;
- үй жануарын қорғауды насихаттауға қатысуға талантты балаларды тарту;
- оқушылардың бойындағы патриоттық сезімдерін ояту;
- жануарларды қорғауға деген танымдық деңгейін кеңейту.

III. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

3.1 Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті).

Ұйымдастыру комитеті:

- Байқауды дайындау және өткізу тікелей басшылықты қамтамасыз етеді;
- Байқаудың өткізу күнін белгілейді;
- Байқауға қатысу үшін өтінімдерді және қажетті материалдарды қабылдайды;
- Қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді;
- Іс-шараның түрлерін анықтайды;
- Байқау нәтижесін талдайды және қорытындылайды;
- Байқаудың дайындығын, өткізу барасын және нәтижесін БАҚ-та жария етілуін қамтамасыз етеді.

3.2. Қазылар алқасы Байқау қатысушыларының жұмысын бағалайды, қорытындысын шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

3.3. Қазылар алқасы қатысушылардың ұсынған материалдары негізінде келесі критерийлер бойынша бағалауды жүзеге асырады:

- Фото және бейне түсірілім есебінің шынайылығы;
- Қоғамда үйсіз жануарларға көмек көрсету акциясын жарнамалауы;
- Жарнаманың мазмұны, нақтылығы;
- Акцияны челлендж ретінде жариялауы;
- Бейне түсірілім сапасы.

IV. Байқаудың қатысушылары

4.1. Байқау қатысушылары білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 6-9 сынып оқушылары болып табылады.

4.2 Байқау қазақ және орыс тілдерінде өтеді.

V. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5.1. Байқау екі кезең бойынша өткізіледі:

- 1) бірінші кезең – аудандық (қалалық) 2021 жылдың 12 қазанда өткізіледі.
- 2) екінші кезең – облыстық, 2021 жылдың 20 қазанда өткізіледі. Облыстық кезеңге аудандық/қалалық байқаудың жеңімпаздарынан 6 оқушы қатысады.

VI. Байқауды өткізу шарттары және жалпы талаптар

6.1. Байқау сырттай өткізіледі.

6.2. Байқауға қатысушы фото және бейне есеп жібереді. Үйсіз қалған жануарларға қожайын тауып беру үшін көпшілікке акция жарнамалау негізінде челлендж жариялайды. Жоғалып кеткен үй жануарларын табуға көмектеседі.

6.3. Байқау материалдары фото және бейне түсірілім форматында рәсімделеді.

6.4. Байқауға қатысушылар орындаған жұмыстары мен сұраныстарын 2021 жылдың 14 қазанға дейін электронды форматта eko_logiya20-21@mail.ru электронды поштасына жіберуі тиіс.

VII. Байқаудың қорытындысын шығару және марапаттау

7.1. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Облыстық «Үйсіз жануарларды бірге қорғайық» байқауының
Сұранысы

№	Аудан/ қала	Оқушының аты-жөні	Мектебі	Сыныбы	Жетекшісінің аты-жөні	Жарияланған акция сілтемесі	Телефон нөмірі